КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Ш Е Ш І М
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН

2024 жылғы 20 желтоқсан №4712-24-00-2/4691 іс Ақтау қаласы

Маңғыстау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы А.А.Борашева, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша азаматтық іс қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің «№77 мекемесі» республикалық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
жеке кәсіпкер «Кайракпаев» басшысы Кайракпаев Алтыспай Асылбекович

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану және айыппұлды өндіру туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 267-1, 267-4 -баптарын басшылыққа ала отырып, сот

Ш Е Ш І М Е Т Т І:

Талап қоюшы «Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің «№77 мекемесі» республикалық мемлекеттік мекемесінің жауапкер жеке кәсіпкер «Кайракпаев» басшысы Кайракпаев Алтыспай Асылбековичке келтірген мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану және айыппұлды өндіру туралы талап қоюы–қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер «Кайракпаев» басшысы Кайракпаев Алтыспай Асылбековичті мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Жеке кәсіпкер «Кайракпаев» басшысы Кайракпаев Алтыспай Асылбековичтен мемлекет пайдасына айыппұл 43 (қырық үш) теңге және 1 848 (бір мың сегіз жүз қырық сегіз) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруге құқылы.

Судья А.А.Борашева

Құжатқа қол қойылған: Борашева А. А., 20.12.2024

Заңды күшіне енген күні: 03.02.2025, судья Борашева А. А., 03.02.2025

«ТӨРЕЛІК» АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ - Сот өндірісі - ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТӨРЕЛІК» - Судопроизводство -

4712-24-3-1/4321